

Қарағай

ИГИСИНОВА ДИАНА БК-211

Ашықтұқымдылар

Бұл жоғары сатылы өсімдіктердің ең ертедегі тобы Жер бетінде 350 млн жыл бұрын пайда болған.


Ашықтұқымдылар(жалаңаштұқымдылар) 700-дей түр жатады. Олар – тұқымдары арқылы көбейетін ағаштар мен бұталар. Ашықтұқымдылар бөлімі 6 кластан тұрады, олардың екеуінің өкілдері түгелдей жойылып кеткен. Қалған төрт класының өкілдері қазіргі кезде кездесетін өсімдіктер.

- ▶ **А. т. – ағаш тәрізді өсімдіктер (ағаштар, бұталар, шырмауықтар), олардың ішінде шөптесін өсімдіктер мүлде кездеспейді. А. т-дың ормандарда атқаратын рөлі ерекше. Олар су айналымын реттейді, топырақты эрозиядан сақтайды. Кейбір түрлерінің (қарағай, самырсын, шырша, т.б.) шаруашылыққа маңызы зор.**

Ашық тұқымдылардың жалпы сипаттамасы.

- 1. 600 шамасында түрлері болса, оның 100-ге жуығы қарағай түрлерінің үлесіне тиеді.**
- 2. Ағаш тектестерге жатады, алайда бұта тектестерде кездеседі.**
- 3. Жапырақтары ине тәрізді.**
- 4. Мәңгі жасыл өсімдіктер.**
- 5. Гүлі және жеміс болмайды.**
- 6. Негізгі тамыры болмайды.**
- 7. Эр түрлі жынысты өсімдіктер.**
- 8. Ұрықтану судың қатысуынсыз жүреді.**
- 9. Аталық гаметалары – қозғалыссыз спермалар.**
- 10. Көбеюі тұқым арқылы жүзеге асады.**







□ АРА □ АЙ 350-400 жыл □ а дейін □ МІР С □ РЕДІ



30 – 40 м
биіктікке
дейін
жетеді



- ▶ **Қарағай** (лат. *Рínus*)– қарағай тұқымдасына жататын, мәңгі жасыл, қылқан жапырақты ағаш кейде бұта. Еліміздің таулы аймақтарында бірнеше түрі кездесетін қылқанжапырақтыты мәңгіжасыл өсімдік. 500-600 жылға дейін өмір сүреді. Ең биік түрлері 50-60 метрге жетеді. Шыршаныкіндей емес қарағайдың қылқаны ұзын, жуандау. Қылқанының түсі түріне қарай сары, көкшілдеу, жасыл және қою жасыл болады.

- 
- ▶ Қарағай сондай-ақ тез өсетін қылқанжапырақтылардың бірі.
Жер шарында жүзден аса түрі болса, оның жиырма шақты түрі көгалдандыруда қолданылады. Олардың ішінде бұтағы тік өсетін және жайыла өсетін түрлері де бар. Өсе келе жанжағына 6-7 метрге дейін жайылатындықтан, бір-бірінен немесе өзге ағаштардан арақашықтығы кем дегенде 5-6 м болуы керек.

- ▶ **Биіктігі екі метрден аспайтын “тау қарағайы” деген түрі бар. Көгалдандыруда оларды түрлі композицияларға қолдануға болады. Қарағайдың қылқанымен қоса, өте жиі орналасатын бүршіктері де өте әдемі. Осы бүршіктерін сәндік үшін теріп алып, қолөнер бұйымдарына қолданып жатады. Қарағайдың ағашы мықтылығымен және қаттылығымен ерекшеленеді.**

Күтімі


- ▶ Жас көшетін ашық күн көзіне, құнарлы топыраққа отырғызу керек. Жыл сайын көктемде қалқанжапырақты ағаштарға арналған минералды заттармен қоректендірген жөн. Қоректік заттары жеткілікті қарағай қылқанының түсі қанық болады. Кейбір жұмсақ қылқанды түрлері қысқы суыққа шыдамсыз келеді.

Сипаттамасы

- ▶ Бұл ағаштардың биіктігі 35 м-дей, діңі мықты, бұтақ шоғыры дөңгелек болып келеді. Қабығы үгілмелі, қызыл қоңыр түсті, бұтағында жарықтары болады. Жапырағы (инесі) 2 – 5-тен шоқтанып бүршігінде орналасқан, бүршіктері күрделі. Бүрі 2 – 3 жылда піседі, оны жеуге болады. Мамыр айында гүлдейді. Аталық гүлі масақты, сары не қызыл түсті. Аналық бүрі жас өркен ұшында 2 – 3-тен орналасады, 2 жылда пісіп жетіледі. Тұқымы – қара, не сұр түсті; қанатты кейде қанатсыз болады. Қарағай ағашы 300 – 500 жыл жасайды. Еуразияның қоңыржай және субтропиктік аймақтары мен Солтүстік Америкада өсетін 100-ге жуық түрі белгілі.

Емдік қасиеті

- ▶ Қарағайдан жоғары сапалы ағаш сүрегі, қарамай, шайыр алуға болады. Қарағай – дәрілік ағаш, одан терпентин майы, скипидар, сірке суы; жас қылқанынан С витамині (концентрат), эфир майы алынады. Сондай-ақ құм тоқтатуда, әсемдік ретінде (елді мекенді көгалдандыруда) маңызы зор.

- 
- ▶ **Қарағай-табиғаттағы дәрігер Қарағай өнімдері медицинада толығымен емдік қызмет атқарады. Қарағай шайырын тіс пен қызыл еттің мықтылығын және тазалығын сақтау үшін шайнауға болады. Қарағай өнімі қан тоқтату мен аллергияны да емдеуге пайдаланылады.**

- ▶ Қарағайдың пайдасы демікпені емдеу Өкпе туберкулезі Иммунитет Асқазан ауруы Жөтел орталық нерв жүйесін қан тоқтату аллергия Жараларды жазу Суық тию Ағзаның жалпы жағдайын жақсарту

- ▶ **Қарағайдың** бүршіктері, эфир майы және шайыры бронхит, өкпе ауруларына қарсы пайдаланылады. Қылқанын С дәрумені жетіспегенде және алдын-алу үшін қолданады. Қарағайдың қара майын тері ауруларына жақпа май ретінде пайдаланады.

Қазақстанда

- ▶ Қазақстанда 2 түрі: кәдімгі Қарағай (P. silvestris) және самырсын Қарағайы (P. sibirica) бар. Бұлар республиканың солтүстік-шығыс, орталық бөліктеріндегі аралас ормандарда, басқа қылқан немесе жалпақ жапырақты ағаштар арасында өседі. Қазақстанда ботан. бақтарда Қарағайдың: сары Қарағай, тау Қарағайы, Веймутов Қарағайы түрлері қолдан өсіріледі.

Қарағай түрлері

- ▶ Кәдімгі қарағай, қарақарағай, борқарағай, тауқарағай, майқарағай, балқарағай, Қырым қарағайы

Кәдімгі Қарағай



АҚШ-тың оңтүстік-батыс бөлігінде өсетін Қарағай ағашының жасы 4900 (кейбір деректерде 6000) жыл.[1]

- ▶ Самырсын Қарағайы



*НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА
РАХМЕТ!*

